

Б.С. Кульбаева¹, М.Н. Есенғұлова²

¹С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Қазақстан;

²Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: kulbaeva_1972@mail.ru)

Тұлғаның рухани адамгершілігін қалыптастыру құралы — ұлттық этикет пен мәдениет

Мақалада ұлттық этикет пен мәдениет тұлғаның адамгершілігін қалыптастыру құралы ретінде қарастырылған. Рухани адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі, яғни ақиқат, сүйіспеншілік, достық, дұрыс әрекет, мейірімділік, қарапайымдылық, отансүйгіштік, тағы басқалар негізінде қалыптасатындығы көрсетілген. Жеке тұлғаның бойында адамгершілік қасиетті қалыптастыруда ұлттық тәрбие, ұлттық ойындар, ұлттық өнер, қазақ халқының тарихи тәжірибелері, ұлттық болмыс, діл, дін, әдеп, ауыз әдебиетінің және ұлттық салт-дәстүрдің этнопедагогикалық мәні әсер ететіндігі сипатталған. Ұрпақ тәрбиесінің түпкі өзекті арқауы — халықтық әдеп. Ұрпақ мәдениетінің жоғары болуы, ұлттық этикетінің биіктен көрінуі, сайып келгенде, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды қастерлеуден басталатындығы баяндалған. Қазақ халқының этикетінің қалыптасуына зор үлес қосқан ұлы ойшылдардың ой пікірлерін талдап, авторлар оқу орындарында жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуда ауызша сабақтардың, соның ішінде әдебиет сабағының, рөлі зор екендігін дәлелдеген. Тұлғаның этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыруда педагогика және этнопедагогика пәндерінің оқу бағдарламаларына түрлі қосымшалар, «Қазақ халқының ұлттық мәдениеті» атты элективті курстар, оқу-әдістемелік құралдар, тағы басқаны енгізу мектеп мұғалімдерінің және болашақ мамандардың педагогикалық мәдениеті саласындағы теориялық білім қорын кеңейтіп, практикалық-әдістемелік іскерліктерін қалыптастыру жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: ұлттық рухани қазына, ұлттық әдеп, рухани адамгершілік, ұлттық мінез-құлық, ұлттық дәстүр, этнопедагогика, ұлттық этикет, халықтық педагогика, рухани мұра, адамзаттық құндылық.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында республикамыздың әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдер қатарына кіру стратегиясын баяндай келе: «... біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз», — деп нақты халықтық дәстүрлі мәдениетті қай кезде де жас ұрпаққа терең меңгертудің қажеттігін баса айтқан болатын [1].

Бүгінгі қоғамдық өмірдегі қайта жаңарулар, ғылым-білім, мәдениет салаларындағы жүзеге асып жатқан шаралар жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру мазмұнын ұлттық рухани қазыналар ретінде қайта қарап, оны әлемдік деңгейге сәйкестендіріп дамытуда өз ұлтымызға тән этномәдени құндылықтарымызды терең танып-білу қажеттілігін мойындатып отыр.

Ұлы ойшыл ғалым Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі тиіс, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», — дей келе, жалпы тәрбиелеуге қатысты былайша тұжырым жасайды: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз».

Бүгінгі білім беру жүйесінде «үлкен өзгерістер» басталуда. Олардың негізгі себептері қоғамдағы болып жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени, экономикалық жаңалықтарға байланысты орын алуда. Бұл байланыс қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында бірқатар міндеттер қойып тұр. Бұл – рухани адамгершілік. Рухани бай, жан-жақты жетілген азамат – елдің болашағы.

Рухани-адамгершілік — жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі, яғни ақиқат, сүйіспеншілік, достық, дұрыс әрекет, мейірімділік, қарапайымдылық, отансүйгіштік, т.б. негізінде қалыптасады. Баланың тұлға болып қалыптасуының алғашқы сатысынан бастап ата-ана, мұғалім түсіндіру, әңгімелесу, насихаттау, марапаттау, үлгі көрсету, сендіру әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, ойы, сөзі мен әрекеті бірлікте болуға үйретуі тиіс, сонымен бірге түрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларына сәйкес сындарлы түрде шешуге үндеу, өзіне, адамдарға, қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасауға жетелеу, адамдарға көмек көрсету, туыстарына және жақындарына мейірімді, қамқор болу, азаматтылық пен елжандылықты, өз ойы мен сөзін, ісін адамгершілік тұрғысынан таңдауға дайын болуды және оған жауапты болуды айтып отыруы, қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде дамыту және өмірлік айқындамасын анықтауға бағыт беруі қажет.

Бала бүгін оқыған, жаттаған шығармасын ұмытып қалуы да мүмкін, сол шығарманы оқыған кезде алған әсері, түсініп, сезіне қабылдауы, ойланып талдауы, мұғалімнің қойған проблемалық сұрақтары баланың рухани дүниесіне әсер ететіні сөзсіз.

Жалпы адамның, бүгінгі жас ұрпақтың өз төңірегінен қалмай әлемді тануына, жаһандық мәселелер көлемінде ой толғауына және жаһандық дәрежедегі рухани мұраларды игеруіне оның рухани ортасының да ықпалы болады.

Мұхтар Әуезов айтқандай, халық пен халықты теңестіретін бірден-бір нәрсе – білім мен ғылым. Өйткені ұлттың білім мен ғылым жүйесі – қоғамның қозғаушы күшіне айнала алатын сала және басқа елдермен жарыс ұйымдастыруға болатын да сала. Сондықтан заман ағымына лайықты бейімдеу арқылы ұлттық ерекшелігімізді жоймай, ұлттық дәстүрлі мәдениетімізді сақтай отыра, өз келешегімізді айқындап алғанымыз жөн.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: «Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру», — деген анықтама берілген.

Қоғамға сай ұрпақ тәрбиелеу мәселесін бірінші орынға қойған М.Жұмабаевтың пікірінше: «Оқу-тәрбие мақсаты – жеке тұлғаны тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманға лайық қып шығару».

Ш.Уәлихановтың зерттеу әрекеттерінің басты мақсаты – халықтың ауызекі шығармашылығын және қазақ халқының салт-дәстүрін бала тәрбиесінің құралы, әдіс-тәсілдері ретінде пайдалану қажеттілігін түсіндіру.

Р.К.Төлеубекованың «Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика» атты (1994) ғылыми-практикалық еңбегінде қазақтың халықтық педагогикасы жеке тұлға тәрбиесінің негізгі құралы екендігі көрсетіледі. Еңбекте қазақ ұлттық тәрбиесінің ерекшеліктері мен салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні баяндалумен қатар, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар мен тәлім-тәрбиенің рөлі мен балалардың осылар арқылы ұлт мәдениетінің нәрімен сусындауы, адамгершілік асыл қасиеттер үлгісін санаға сіңірулері мақсат етіп қойылады. Тұлғаның рухани адамгершілігін қалыптастыруда халық тәрбиесіне, мәдениетіне сүйену қажет. Ал халықтың тәжірибелері оның арғы тегінен, халық болып қалыптасуынан, тұрмыс-тіршілігінен бастау алады. Жеке тұлғаны дамытуда, бойында адамгершілікті қалыптастыруда ұлттық тәрбие, ұлттық ойындар, ұлттық өнер, қазақ халқының тарихи тәжірибелері, ұлттық болмыс, діл, дін, әдеп, ауыз әдебиетінің және ұлттық салт-дәстүрдің этнопедагогикалық мәні әсер етері сөзсіз. Сондықтан бүгінгі қоғам дамуы жағдайында жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбие беру көкейкесті проблемалардың бірі болып отыр.

Түрлі баспасөз және теледидар беттерінен күнделікті көрсетіліп жүрген, жасөспірімдеріміздің санасын улап жатқан небір сорақы көрсетілімдер, батырлықтан гөрі қатыгездікке тәрбиелейтін аяусыз адам өлтіруді, өзгеге қиянат пен зорлық жасаудың түрлі амал-тәсілдерін насихаттайтын, бала психологиясын қажытатын үрейлі кинолар мен мультфильмдер еріксіз еске оралады. Күнделікті өмірде мұндай ақпараттармен қатар отбасында, қоршаған ортада, оқу орындарында берілетін ұлттық тәлім-тәрбиенің, мәдениеттің батысқа еліктеу барысында және еліміздің полимәдениетті болуына байланысты өзгеріске ұшырауының да әсері бар. «Әр халықтың мәдениеті өзіне тән ерекшелігімен дараланып, көзге шалынады. Алайда басқа халықтардың әсерінсіз таза, дара ұлттық мәдениет тіпті де кездеспейді. Ұлттар мен халықтардың материалдық және рухани байланысы, қарым-қатынасы арқылы олар бір-бірін мәдени байланысы жағынан толықтырады», — дейді С.Н.Артановский [2]. Бұл жағдайда балаға түсініктің дұрыс беріліп, қалыптасуы ата-ана мен мұғалімге байланысты.

Біздің пайымдауымызша, бүгінгі жаһандану заманында жан азығынан гөрі, тән азығына анағұрлым жақын тұратын кейбір жастарымыздың санасына рухани серпіліс берудің негізгі жолы мазмұны мен түрі ұлттық сипатқа ие білім мен тәрбие беру болмақ. Педагогикалық тәжірибеде баланың дамуы мен мінез-құлқы жағынан қалыптасуының жасөспірімдік шағы (10-15 жас) өтпелі және қиын кезең болып есептеледі. Бұл кезеңде жасөспірімдерде болатын өзгерістер физиологиялық және әлеуметтік жағдайларға байланысты болып жатады. Мінезіндегі өзгерістерді тепе-теңдікте ұстаудың кілті – адам санасында, тәрбиесінде қалыптасқан руханияттылығы [3; 49].

Қазақ халқы ғасырлар бойғы өзінің игі ұлттық дәстүрлерін ұрпағына үйрету арқылы әдепті адами тәрбиенің нормасы деп түсінген. Ұлттың жан-күйі мен ұлттық мәдениеті арасында тығыз байланыс бар. Ұлттық мінез-құлық ерекшелігі ұлт мәдениетінің түрлерімен көрініс береді. Халықтық әдеп – ұрпақ тәрбиесінің түпкі өзекті арқауы. Әсіресе қарым-қатынаста адамды сыйлау, сәлем беру,

үлкеннің алдынан қия өтпеу, орын беру, көңіл-күйіне көз салу, кішіпейілділік, парасаттылық, саналылық, ізеттілікпен қарым-қатынас жасау, әдептілік көрсету үйретіледі және үнемі талап етіледі.

Баланың ойын өзгертіп, болашаққа бағыттайтын, мінез-құлқына әсер ететін үш нәрсе бар. Олар: отбасы, мектеп және қоршаған ортасы, яғни жолдастары, достары, сыртта араласатын адамдары. Туғанынан отбасында баланың бойына адамгершілік қағидаларын сіңіріп өсірген бала жан-жақты дұрыс тәрбие алары сөзсіз. Яғни «Әдепті бала арлы бала» деп тұжырым айтқан қазақ халқы қашан да жас ұрпақтың тәрбиелі, әдепті болуына ерекше мән берген.

Ұлттық әдеп туралы жазған мақаласында С.Ақатаев: «Қазақ баласы амандықтан соң, бейтаныс адамның жасын сұрайтын. Ол этикет – халық этикасының абзал бөлігі. Сұхбаттас адам өзінен үлкен болып шықса, ерте бастан інілік ізгілігімді білдірейін деп үлкендік жолын кес-кестемейін деген ниет сездіру. Ал үлкен болып шықса, ағалық кәденің орны бөлек. Ағасын отырғызып қойып, інісі сөйлегеннен безу кенжелеп туғандардың тілін жаттықтыру үшін шығарған жағылтпаш емес, көргенсіздікке тосқауыл болатын әдептіліктің жанашыры», — деп үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетудің қыр-сырын түсіндіріп қана қоймай, баланың бойындағы адамгершілік қасиеттердің үлкен бөлігін талқылап берді десек болады.

«Сәлем – сөздің атасы» деп түсінген ата-бабаларымыз баланың алғаш тілі шыға бастағаннан-ақ үлкен-кішімен амандасып, сәлем берудің ұл мен қызға тән әдебін бала санасына сіңіріп, үйрете бастаған. Дұрыс сәлем бере білудің өзін халқымыз адамгершілік пен имандылықтың, инабаттылықтың бастауы деп білген. Жалпы, қай халықтың болмасын адамгершілігінің қарапайым қағидасы адамдардың бір-бірімен жылы қабақ танытып, сәлем беріп, сәлем алуынан басталатындығын аңғару қиын емес. Қазақтар — сәлем сөздің анасы ғана емес, барша адамдық асыл қасиеттердің, ар-ұяттың бастауы деп бағалаған халық. Сондықтан өз ағайынына ғана емес, көз көрген жанға, ауылдың үлкен-кішісіне ілтипатпен, түзу сәлем бере білу де үлкен тәрбиенің, адамдық қасиеттің, әдептің белгісі.

Сонымен, этикет адамды, бір жағынан, өзін қоршаған ортасына мейірімділік пен ілтипаттың дәнін себуге міндеттесе, ал, екінші жағынан алғанда, қоғамға және өзін қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін эмоциясына ұстамды болуын талап етеді. Сондай-ақ этикет қоғамды моральдік зардаптардан сақтап, оған зиян келтірмеудің амалдарын ұсынады. Демек, этикет әлеуметтік қатынастар жүйесінде гумандық тұрғыда мән бере отырып, адамгершілікті қалыптастырудың мақсатына жетуге ықпал етеді және адамдардың рухани дамуына жол ашатын тәрбие мазмұнын адамгершіліктік тұрғыдан байытады.

«Дәстүрсіз – мәдениет жоқ, мәдениетсіз – тәрбие жоқ, тәрбиесіз – руханилық жоқ, руханилықсыз – тұлға жоқ, тұлғасыз (тарихи) – халық жоқ», деп белгілі ғалым, профессор Г.Н.Волков «этнопедagogиканың алтын ережесін» көрсеткендей, ұрпақ тәрбиесі, ұрпақ мәдениетінің жоғары болуы, ұлттық этикетінің биіктен көрінуі, сайып келгенде, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды кастерлеуден басталады. Ең бастысы, ұрпағымыздың ана тілінде тәлім-тәрбие алуынан бастау керек. Себебі жас ұрпақ ана тіліміз арқылы өз ұлтының, өз елінің дәстүрлі тәрбиесіне қол жеткізеді.

Тұлға бойында ұлттық рух күшін оятып, азаматтық тұлғаны қалыптастырып, әлеуметтендірудің басты шарты — бұл ана тілін, ұлттық дәстүрді, ұлттық мәдениет пен әдебиетті, тарихты меңгеру. Осындай сабақтастық халықтың өткендегі тарихи дәстүрлі педагогикалық мәдениетін саналы меңгеру арқылы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі көптеген қарама-қайшылықтардың шешімін тауып, тәрбие міндеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді. Өйткені мемлекетіміздің әлемде дамыған елдер қатарынан орын алуын ана тілінің қадір-қасиетін, ата-баба тарихын жете бағалай алмайтын, бойында шала-жансар рухы бар ұрпақ күшімен жүзеге асыру мүмкін емес. Ең алдымен, ұлттық сана мен ұлттық рухты тәрбиелемейінше, ұлттық негізі сақталған мемлекет құру да мүмкін болмайды. Ұлттық рухты биік ұстанып, бағалайтын, рухани мықты ұрпағы бар ел ғана қандай да болмасын мәдени, саяси, экономикалық дағдарыстардан сүрінбей, мойымай өтері хақ. Осы жолда мемлекет саясатын жүзеге асыру және жас ұрпақты тәрбиелеу құралы да ұлттық білім беру жүйелерінің оқу-тәрбие процесінен өз орнын алған қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті болмақ.

Ең алдымен, «этикет» сөзіне анықтама бере кетсек. Бұл ұғымды көптеген зерттеушілеріміз адамгершілікті мәдени қарым-қатынастың құрамдас бөлігі ретінде талдап, түсіндіреді.

Г.Т.Алдамбергенова: «Этикет дегеніміз — адамдардың сырттағы қарым-қатынасын (қоршаған ортамен қатынаса білуі, көпшілік орындарда өзін ұстай білу әдебі және т.б.) реттеп отыратын мінез-құлық ережесінің жиынтығы», — дей келе, «этикетте әрбір қоғамға тән қатынас формалары көрініс табады. Мысалы, дәстүрлі қоғамда бұл салт-жоралар, әдет-ғұрыптар, рәсімдер деп аталады. Бүгінгі

өмірде этикет нормаларының мазмұны қоғамдағы қатынастың демократизациялануымен және гуманизациялануымен байланысты», — деп, мінез-құлық мәдениетінің маңызды саласы ретінде этикеттің тек тәрбие ғана арқылы қалыптасатындығын баса айтады [4; 17, 18].

Қазақ этикеті өзінің мазмұнының тереңдігімен, танымдық-тәрбиелік қуаттылығымен, табиғи, тарихи шынайылығымен, өміршеңдігімен халқымыздың рухани өмірінде ерекше мәнге ие.

Қазақ халқының этикетінің қалыптасуына өз заманында Қорқыт, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қ.А. Иассауи, А.Иүгінеки сынды қазақ топырағынан шыққан ұлы ойшылдарымыздың зор үлес қосқандығын айта кеткеніміз жөн. Мысалы, Қорқыт ата өз тағылымдарында: «Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды, өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Талай жылды басынан кешіріп, шашы аппақ қудай болған қарт-қарияларға — құрмет! Кеудесіндегі ақ сүтін бөбегіне емізіп, тойғызған асыл аналарымызға — құрмет! Солар үшін ақ отау тіккен аға-інілеріне — құрмет!» — деп ұлттық әдебіміздің бастаулары жайлы ой қозғайды [5; 7-9].

Бұл орайда қазақ халқының ұлы ғұламаларының көреген ойлары мен пікірлерін де сөз етсек болады. Ұлы ойшылымыз Абай Құнанбаевтың әр адамның ойында сақталған «Әсемпаз болма әрнеге», «Баланың жақсысы қызық, жаманы күйік», «Ғылым таппай мақтанба», «Досы көппен сыйлас, досы жоқпен сырлас», Мұхтар Әуезовтің тәрбиенің басты мақсатын түсіндіретін «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» деген сөзі, қаһарман жазушымыз Бауыржан Момышұлының «Әділсіздік-әлсіздік», «Ептілік те ерлік» деген халық жадында сақталған ой-пікірлері жас буынымызды өз елінің патриоттары ретінде тәрбиелеуде, адамгершілік шырағын жағуда көп септігін тигізери сөзсіз.

Сайып келгенде, адамгершілік — ізгілік пен қайырымдылықтың үйлесуі және жеке адамның осы үйлесімді өмірлік ұстанымға айналдыруы. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиетінің негізгі өлшемі адамның жақсылыққа талпынысы деген қорытынды жасауға болады. Өйткені басқаларға жанашырлық білдіру, өзге адамға жақсылық тілеу, адамдарға көмек көрсету, айналадағы өмірді жақсартуға ұмтылып, оны жүзеге асыру, өмір туралы мәселелер жайында толғану, өмірдің мәнін іздеу, өзін-өзі дамыту, сол арқылы бүкіл дүниені жетілдіру сияқты құндылықтар рухани дамудың негізгі көрсеткіші болып табылады [6; 49].

Оқу орындарында жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуда ауызша сабақтардың, соның ішінде әдебиет сабағының берері мол.

1. Әдебиеттік оқу сабағында түрлі персонаждардың көмегімен оқушының өзін ситуацияға толық енгізу арқылы оның тілін, ойын дамытып, ой-өрісін кеңейтуге, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға, қоршаған ортасына ізгілік қатынасын орнатуға болады.

2. Оқушылардың өз шығармаларын талдату арқылы өзін-өзі тануына, өзіндік қабілетін ашуына мүмкіндік туғызып, сондай-ақ өзгелердің еңбегін бағалауға үйретуге болады.

3. Кез келген сурет, картина, аудио-бейнематериалдар бойынша әңгімелеген кезде әр оқушының пікірі әр түрлі болғандықтан, оларға өзіндік ой-тұжырымын жасауға мүмкіндік туғызу қажет.

4. Пайдаланылатын көрнекіліктің талаптарға сай болуымен қатар, оқушының қызығушылығын төмендетіп, жалықтырмас үшін түрлендіріп отырылуы тиіс.

Баланың рухани дүниесін дамытудың негізгі көзі – кітап.

Аталған ұстанымдармен қатар жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыта оқытуда білімді өмірмен байланыстыру ұстанымы маңызды орын алады. Өйткені өз бетімен өмір сүруге икемді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, жан-жақты жетілген азаматты тәрбиелеп өсіру – бүгінгі қоғам талабы. Ол – халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрінісі, барлық кісілік қасиеттерінің жиынтығы. Олай болса, жас ұрпақты адамгершілік қағидаларымен тәрбиелер болсақ, ұлы ойшылдарымыздың ой-пікіріне назар аударғанымыз жөн болар. Аталған бағытта жасалатын тәрбие жұмыстары жас баланы өз елінің сөз жауһары арқылы тура және терең бағыттағаны анық. Жастарымыздың шын мәнінде зияткерлік мәдениетті адам болып қалыптасуы үшін жаһандану процесіне сәйкес келетін санамен қатар өз Отанын, туған өлкесін, өскен шаңырағын қастерлей білуге, сүюге үйрететін білім, тәлім-тәрбие керек.

Болашақ мамандарға жоғары, орта кәсіптік-техникалық білім беру орындарында ұлттық тәрбиенің, ұлттық мәдениеттің қыр-сыры толық, әрі сапалы берілуі үшін Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын қайта қарап, барлық мамандықтарда этнопедагогика мен этнопсихологияға міндетті оқыту пәні мәртебесін беріп, оқылатын сағат сандарын көбейту қажеттігі туындайды.

Тұлғаның этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыруда педагогика және этнопедагогика пәндерінің оқу бағдарламаларына түрлі қосымшалар, «Қазақ халқының ұлттық мәдениеті» атты элективті курстар, оқу-әдістемелік құралдар, тағы басқаны енгізу мектеп мұғалімдерінің және болашақ мамандардың педагогикалық мәдениеті саласындағы теориялық білім қорын кеңейтіп, практикалық-әдістемелік іскерліктерін қалыптастырады.

Халық педагогикасы негізінде жүзеге асырылатын кәсіби білім мен тәрбие өте күрделі болғандықтан, процесс барысында түрлі қарама-қайшылықтар мен қиындықтар туатыны заңды құбылыс. Сондықтан қоғамдық-әлеуметтік шаралар мен педагогикалық жоспардың орындалуы барысында ғылыми-зерттеу әдістерін негізінен қолданып, бұл бағытта жүйелі мониторинг диагностика жүргізіп отырған жөн. Аталмыш жұмыстың қорытындысы оқушылар, студенттер, білім алушылардан аралық кесінділерді әр түрлі (тесттік тапсырмалар, жазбаша талдау, шығарма, эссе жазу, кесте, ребус құру т.б.) әдістемелер арқылы қабылдау бойынша шығарылып отырады.

Білім мен тәрбие беру жүйесінде ұлттық мәдени мұраны пайдалануды қамтамасыз ететін бағдарлама жұмысының толық жүзеге асырылуы еліміздегі барлық ұлттардың этномәдениетін қалыптастырып, жетілдіруді талап етері сөзсіз. Мұндай бақылау жұмыстарын жүргізу мәселенің барысын реттеуге және қателіктердің алдын алып, қарама-қайшылықтардың дер кезінде дұрыс шешілуіне мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеулерді талдай отыра, бірқатар ұсыныстар жасауға болады:

- қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің мазмұны болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлайтын педагогикалық оқу орындарында оқытылатын педагогикалық пәндерді оқу бағдарламаларының мазмұнына енгізу қажет;
- болашақ мұғалімдерге арнап жасалған элективті курс бағдарламаларын жоғарғы оқу орындарында және біліктілікті арттыру институттарында тыңдаушылардың ұлттық мәдениеті мен ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мақсатында пайдалану қажет;
- отбасындағы қазақ халқының ұлттық мәдениетін пайдалану болашағы мен оны жүзеге асыру жолдарын үйрету, түсіндіру мақсатында ата-аналарға арналған жиналыстар, сауалнама, пікірталастар ұдайы ұйымдастырылуы қажет.

Тәрбие – бұл мақсатты қоғамдық күрделі әрі өміршең тарихи сабақтастықты құрайтын педагогикалық құбылыс. Жастардың рухани-адамгершілігін қалыптастыруда этно-мәдени құндылықтар негізінде жүргізілетін білім мен тәрбие беру процесі мұғалімдерден үнемі шығармашылық ізденісті жетілдіруді қажет етеді.

Қорыта айтқанда, жоғарыда атап өткен ауыз әдебиетінің үлгілері, ата-бабамыздан қалған салт-дәстүріміз, ұлы ойшылдардың сөздері, сөз жауһарлары жас ұрпақтың рухани жағынан бай, адамгершілігі мол, жан-жақты сауатты ұрпақ болып қалыптасуына өзінің мол септігін тигізері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. — Ақтөбе, 2006. — 20-б.
- 2 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. — М.: Прогресс, 2000. — 400 с.
- 3 Психология в школе // Респ. науч.-теор. и прикл. журн. — 2015. — № 07-09 (85). — С. 3–15.
- 4 Алдамбергенова Г.Т. Қазақ халық педагогикасында қыздарға моральдік-этикалық тәрбие берудің негіздері: пед. ғыл. д-ры ... дис. автореф. — Алматы, 2009. — 43 б.
- 5 Қоңыратбаев Ә., Байділдаев М. Қорқыт Ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: эпос. — Алматы: Жазушы, 1986. — 7–9-б.
- 6 Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті: тарих, теория және практика. — Ақтөбе: Т.Жанәділов баспаханасы, 2012. — 49 б.

Б.С. Кульбаева, М.Н. Есенгулова

Этнический этикет и культура как средство формирования нравственности личности

В статье национальный этикет и культура рассмотрены через призму формирования личностных качеств человека. Духовная составляющая человека показана как результат взаимодействия систем ценностей — симпатии, дружба, правил поведения, сострадания, патриотизма и др. В формировании духовных качеств личности огромную роль играют национальное воспитание, национальные игры, национальное искусство, исторический опыт казахского народа, национальное сознание, религия, привычки, устное народное творчество и этнопедагогическое значение национальных обычаев и традиций. Чтобы иметь высокий уровень культуры поколения, национального этикета, нужно знать и уважать обычаи, обряды и традиции. Анализируя труды великих мыслителей, внесших огромный вклад в формирование этикета казахского народа, авторы доказывают, что в формировании духовных ценностей в учебных заведениях большое значение имеет развитие устных занятий, в том числе литературы. В статье показаны пути формирования практико-методических навыков, которые участвуют в формировании педагогической культуры личности. Выделены разные приложения по педагогике и этнопедагогике, элективный курс «Национальная культура казахского народа», учебно-методические приспособления и др., внедрение которых способствует расширению теоретических знаний школьных учителей и будущих специалистов сферы педагогической культуры.

Ключевые слова: национальное духовное наследие, национальная привычка, национальный, этикет, духовные ценности, национальный характер, национальная традиция, народная педагогика, духовное наследие, общечеловеческие ценности.

B.S. Kulbaeva, M.N. Esengulova

Ethnic etiquette and culture as means formation morality personality

In the article the national etiquette and culture are considered as a method of formation of personal qualities. Spiritual value is shown as a result of value systems, ie sympathy, friendship, rules of conduct, compassion, patriotism and others. In the formation of the spiritual qualities of personality a great role is of national education, national games, national Art, the historical experience of the Kazakh people, national identity, religion, habits, folklore and ethno-pedagogical value of national customs and traditions. The article tells about what to have generation of a high level of culture, national etiquette need to respect the customs, rites and traditions. Analyzing the works of the great thinkers, whose works have made an enormous contribution to the formation of the Kazakh people of etiquette. The author argues that in the formation of spiritual values in education plays an important role the development of oral activities, including literature. The paper shows the way of formation of practical methodological skills that uchastvuyutv formation of pedagogical culture of the individual, as different applications in pedagogy and ethnopedagogics, elective course «National culture of the Kazakh people», educational tools, etc. The introduction of which contribute to the expansion in theory of knowledge shkolntnyh teachers and future specialists in the sphere of pedagogical culture.

Keywords: national spiritual heritage, national habit, national, etiquette, spiritual values, national character, national tradition, popular pedagogy, spiritual heritage, human values.

References

- 1 *Message of President Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan*, Aktobe, 2006, p. 20.
- 2 Gumboldt V. *Selected works on linguistics*, Moscow: Progress, 1984, 398 p.
- 3 *Republican scientific-theoretical and applied Journal*, 2015, 07-09 (85), p. 3–15.
- 4 Aldambergenova G.T. *Kazakh national paedeutics, giving moral – ethical nature for girls*: abstract dis. ... doc. ped. Sci., Almaty, 2009, p. 43.
- 5 Konyratbaev A., Baidildaev M. *The Book of Korkyt Ata, Hero songs of Ogyz*: epos, Almaty: Zhazushy, 1986, p. 7–9.
- 6 Bakhtiarova G.R. *Traditional paedeutics culture of Kazakh people: history, theory and practice*, Aktobe: Publishing T.Zhanadilov, 2012, 49 p.